

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі сомаға <қызметтердің атауы> қызметін сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде және талаптарда, Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес <қызметтердің атауы> қызмет көрсету (бұдан әрі - Қызметтер) бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).
- «Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім» (Шартқа №3 қосымша);
- «Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме» (Шартқа №4 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге ___ тиынды (____ теңге ___ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге ___ тиын (____ теңге _____ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Тараптардың уәкілетті тұлғалары орындалған жұмыстар (көрсетілген Қызметтер) актісіне (бұдан әрі - көрсетілген Қызметтер) қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ай сайын, Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісінше ресімделген шот-фактураны (электрондық түрдегі) ұсынған және "Электрондық шот-фактуралар" мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - ЭШФ АЖ) web-қосымшасы/порталы арқылы берілген жағдайда, тиісті (есепті) ай үшін Акт (электрондық түрде және (немесе) қағаз нұсқада) шартыменесепті айда көрсетілген Қызметтер фактісі бойынша тең сомалармен (көрсетілген Қызметтердің бірінші айы және (немесе) толық емес есепті айы үшін ақы төлеуді қоспағанда).

Көрсетілетін Қызметтердің құны 1 (бір) толық ай үшін (төлемнің ай сайынғы сомасы) ҚҚС сомасын есепке алғанда/есепке алмағанда: ___ теңге ___ тиын (___ теңге ___ тиын) құрайды.

Бірінші ай және (немесе) толық емес есепті ай үшін Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің құнын есептеу іс жүзінде Қызметтер көрсетілген күндер санына барабар жүргізіледі.

Көрсетілген Қызметтердің нақты көлемі және әрбір есепті айда Шарт бойынша төлеуге жататын нақты сома тиісті айдағы Актіде көрсетіледі.

Шарттың жалпы сомасы Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған әрбір ай үшін Актілер негізінде нақты көрсетілген Қызметтер көлеміне қарай азайтылуы мүмкін.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ___ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық

шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыспен алынған құжаттардың, корпоративтік электрондық почта арқылы және (немесе) өзге де тәсілмен алынған құжаттардың сканерленген көшірмелерінің заңды күші болады және оларды Шарттың 2.8., 2.13., 2.14-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде (Алматы қаласынан тыс орналасқан Жеткізушілер үшін) кейіннен түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.11. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасынан Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.12. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлегеннен бастап Қазақстан Республикасының салық заңнамасында бекітілген мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы ұсталуға жатады (осы тармақ егер Жеткізуші ҚР бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.13. Егер қандай да бір себептермен Тапсырыс берушінің салық органы Жеткізуші ұсынған резиденттікті растайтын, кейінгі салық міндеттемелерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін құжатты қабылдамаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушімен бірге резиденттікті растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынуды қоса алғанда, осы мәселені шешу үшін бар күшін салады.

2.14. Егер Жеткізуші қандай да бір себептермен Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың дұрыс ресімделген нұсқасын ұсынбаса, туындаған салық міндеттемелері Жеткізушінің салық міндеттемелері болып табылады, оларды Жеткізуші өсімпұлды ескере

отырып, Тапсырыс беруші елінің салық органы Жеткізушінің резиденттігін растайтын құжаттың Тапсырыс беруші елінің салық заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуін анықтаған салық кезеңінен кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей толық көлемде орындауы (Тапсырыс берушіге өтеуі) тиіс (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.15. Жеткізуші өзінің Шарт шеңберінде алынатын табыстың (-тардың) түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) екенін растайды және осы табысқа (-тарға) иелік ету, пайдалану, билік ету құқығына ие болады, сондай-ақ Тапсырыс берушіні осы мақсаттар үшін оның делдал емес екеніне сендіреді (тармақ егер Жеткізуші басқа елдің резиденті болған жағдайда қолданылады).

2.16. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы немесе ұсынуы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Жеткізушінің мамандарын Тапсырыс берушінің әкімшілік ғимаратына/тарына жіберуді қамтамасыз етуге;
- 5) Жеткізушіге Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Жеткізуші өзінің шарттық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаннан кейін Тараптардың уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы шартта талаптар болған кезде) қайтаруға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) көрсетілетін Қызметтердегі Техникалық ерекше нұсқама талаптарына (Шартқа №2 қосымша) (бұдан әрі - ақаулар) сәйкес келмейтін ескертулер, кемшіліктер, ақаулар, іркілістер, оның ішінде деректерді беру жылдамдығының сәйкессіздігі, байланыстың үзілуі, трафиктің бұғатталуы және т.б. анықталған жағдайда, оның ішінде желілік-кабельдік ақаулар - Жеткізушіден өтінімді Жеткізушінің электрондық адресіне жіберу жолымен оларды жоюды және (немесе) Шартта белгіленген уақыт ішінде ауыстыруды талап етуге не төлемнен ішінара немесе толық бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, тиісті ай үшін Актіге қол қоймауға құқылы.

Ақаулар Жеткізушіге тәуелді емес себептер бойынша Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа №2 қосымша) көзделген жылдамдықтарға деректерді беру жылдамдығының сәйкессіздігін қамтымайды, атап айтқанда: "Мемлекеттік техникалық қызмет" АҚ (МТҚ) Жеткізушінің деректерді беру желісіне әсер ету кезінде;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) Қызметтер тиісінше көрсетілмеген жағдайда, Жеткізуші келтірген залалдың орнын толтыруды талап етуге;

8) Шарттың 6-бөліміне сәйкес есептелген өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) сомасын Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізушіге төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға;

9) егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы, не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайларда:

- Қызметтер көрсету, оларды қабылдау-беру процесінде және Қызметтер көрсету кезеңінде - ақауларды өз қаражаты есебінен Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы хабарламаны телефон/ұялы/мобильді байланыс және (немесе) электрондық почта арқылы алған сәттен бастап 6 (алты)сағаттан аспайтын мерзімде дербес жою;

- желілік-кабельдік ақаулар - Тапсырыс берушіден анықталған ақау туралы хабарламаны телефон/ұялы/мобильді байланыс және (немесе) электрондық почта арқылы алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде оларды өз есебінен жою;

5) Жеткізуші ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоя алмаған/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы сомасының 3 % (үш пайызы) мөлшерінде енгізуге (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде);

12) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге тиісті айда көрсетілген Қызметтер үшін (қағаз нұсқада және (немесе) электрондық түрде) өз тарапынан қол қойылған Актіні ұсынуға және ЭШФ АЖ арқылы шот-фактураны (электрондық түрде) беруге;

13) уәкілетті органнан Қызметтерді қайта ұйымдастыру, тарату не көрсету құқықтарының жоғалуы туралы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей - бұл туралы Тапсырыс берушіге тиісті жазбаша хабарлама, оның ішінде Шартта көзделген көлемде және мерзімдерде Қызметтер көрсетуге құқылы құқықтық мирасқор туралы хабарлауға;

14) жоспарлық-профилактикалық жұмыстарды жүргізуді Тапсырыс берушімен жазбаша келіскен жағдайда, демалыс және (немесе) мереке күндері жоспарлық-профилактикалық жұмыстарды жүргізуге;

15) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде демалыс және (немесе) мереке күндері жоспарлық-профилактикалық жұмыстарды жүргізу қажет болған жағдайда - алдағы жоспарлық-профилактикалық жұмыстар басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оларды Тапсырыс берушімен хабарлама және телефон/ұялы/мобильді байланыс және (немесе) электрондық почта (немесе) өтініш (өтінім) жолдау арқылы келісуге;

16) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шартты іске асыру мақсатында қоспағанда, қандай да бір құжаттарды және (немесе) ақпаратты пайдаланбауға;

17) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған құпия ақпараттан басқа өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

18) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға;

19) сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген қызметкерлерді ауыстыру қажеттілігі туындаған жағдайда, Жеткізуші сатып алуға қатысу кезінде мәлімделген қызметкерлердің біліктілігінен төмен емес қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Тапсырыс

берушіні оларды ауыстыру күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндеттенеді. Жеткізушінің қызметкерлерді ауыстыруы Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін;

20) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету жөніндегі қызметті үйлестіру үшін байланысатын тұлғаны айқындауға;

21) Шартқа №3 қосымшада көзделген форма бойынша конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімге қол қоюға;

22) Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдардың (Жеткізуші қызметкерлерінің) Шарттың №4 қосымшасында көзделген форма бойынша құпия және қорғалатын ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге олардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге Қызмет көрсетудің нақты басталуына дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын ұсына отырып, қол қоюын қамтамасыз етуге;

23) Тапсырыс берушінің сұратуларына уақтылы ден қоюды қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушіге Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде туындаған техникалық проблемаларды шешу бойынша консультациялар беруге (Шартқа №2 қосымша);

24) қажет болған жағдайда және (немесе) Тапсырыс берушінің талабы бойынша Қызметтер көрсетуге байланысты қосымша ақпарат беруге;

25) Қызмет көрсетудің барлық мерзімі ішінде көрсетілетін Қызметтердің сапасына кепілдік беруге;

26) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға және (немесе) тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды дербес көтеруге;

27) Тапсырыс берушінің әкімшілік ғимаратында/ғимараттарында Қызмет көрсету кезеңінде - қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

4) Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алдын ала алғаннан кейін, Жеткізушінің мамандарын Тапсырыс берушінің әкімшілік ғимаратына/тарына жіберуге құқылы.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі Шартқа қол қойған күннен бастап немесе 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап (қандай оқиғаның кешірек басталатынан байланысты) 2027 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа № 2 қосымша) көзделген мекенжайда орналасқан Тапсырыс берушінің әкімшілік ғимараты/тары.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге тиісті айда көрсетілген Қызметтер үшін (қағаз нұсқада және (немесе) электрондық түрде) өз тарапынан қол қойылған Актіні қарауға және қол қоюға ұсынады және Тапсырыс берушіге ЭШФ АЖ арқылы шот-фактураны (электрондық түрде) жібереді/ұсынады.

5.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің сапасын, толықтығын және олардың Шарт талаптарына және Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады (Шартқа №2 қосымша).

5.3. Жеткізуші Шартта көзделген мерзімде ескертулер және (немесе) жойылмаған Қызметтерде ақаулар болған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Жеткізушіден тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) Шарттың 6-бөлімінде көзделген өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

5.4. Тапсырыс берушіде Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізушіге ескертулер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге Тапсырыс беруші оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірген әрбір толық сағат үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) Шарттың 3.3-тармағының 14) тармақшасында көзделген мерзімдер бұзылған жағдайда - Жеткізуші Тапсырыс берушіге жоспарлық-профилактикалық жұмыстар жүргізілген ай үшін, осындай жұмыстарды жүргізу мерзімінен асқан әрбір сағат үшін төлеуге жататын соманың 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндеттенеді, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызынан) аспайтын;

4) Шарттың 3.3-тармағының 15) тармақшасында көзделген мерзім бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге жоспарлық-профилактикалық жұмыстар жүргізілген ай үшін төленуге жататын соманың 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндеттенеді, бірақ Тапсырыс берушіні хабардар ету күнін қоса алғанда, кідірістің әрбір жұмыс күні үшін төленбейді, Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызынан) аспайды;

5) Шарттың 3.3-тармағының 12), 13) және 22) тармақшаларында көзделген мерзімдер бұзылған жағдайда - тиісті ақпарат берілген күнді қоса алғанда, әрбір күнтізбелік кешіктіру күні үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде өсімпұл, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5% (бес пайызынан) аспайды;

6) көрсетілетін Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған және (немесе) бас тартылған жағдайда - Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдар (Жеткізушінің қызметкерлері) 3.3-тармақтың 17), 18) тармақшаларында көзделген талаптарды бұзған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін тартылған Жеткізушінің және (немесе) тұлғалардың (Жеткізуші қызметкерлерінің) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған құпия және (немесе) өзге де ақпаратты жария етуі салдарынан келтірілген залалды өтеуге міндетті.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбегенде немесе оны уақытында енгізбеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде). Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған шарттық міндеттемелерге пропорционалды түрде Тапсырыс беруші жүргізген соманы қайтаруды жүзеге асыруға міндетті.

6.11. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.12. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.13. Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.4. Шарттың 7.1 және 7.2-тармақтарында және Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімде (Шартқа № 3 қосымша) көзделген міндеттемелерді орындау мақсатында Жеткізуші Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін тартылған адамдардың (өз қызметкерлерінің) Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімнің (Шартқа № 4 қосымша) талаптарымен танысуын, сондай-ақ олардың Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге (Шартқа № 4 қосымша) қол қоюын қамтамасыз етеді, оның көшірмелерін Тапсырыс берушіге Шарт бойынша Қызмет көрсету басталған күнге дейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын ұсынады.

7.5. Жеткізуші және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін тартылған тұлғалар (Жеткізушінің қызметкерлері) Тапсырыс берушіден алынған және (немесе) Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезеңінде белгілі болған конфиденциалды ақпараттан басқа өзге ақпаратты жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауапкершілікті көтереді.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

- 3) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, Шартты кезкелген кезеңде біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді ол бойынша Тараптар өздерінің міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку услуг <наименование услуг> у Поставщика способом прямого заключения договора на сумму _____ тенге ___ тьин (_____ тенге ___ тьин), <без учета суммы НДС>.

